

1999-2000 жылдарда жекешелендіруге жатпайтын мемлекеттік меншік объектілерінің тізбесі туралы

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 19 тамыз N 1198. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2000.10.24. N 1587 қаулысымен. ~P001587

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998-2000 жылдарға арналған іс-қимыл бағдарламасын іске асыру жөніндегі шаралар жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 19 ақпандағы N 119 P980119_ қаулысын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Мынадай мемлекеттік меншік объектілері 1999-2000 жылдарда жекешелендіруге, оның ішінде алдын ала кезеңдеріне жатпайды деп белгіленсін:

1) жер (Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес жеке меншікте болатындарынан басқа), жер қойнауы, су, өсімдік және хайуанаттар әлемі, басқа да табиғи ресурстар;

2) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар;

3) Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің бағдарламалары бойынша жұмыс істейтін ғылыми-техникалық саланың мемлекеттік ұйымдары;

4) Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің, Республикалық Ұланның, Қазақстан Республикасы Президенті Күзет қызметінің, Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі комитетінің қарамағындағы штаттық және резервтік мүлік, кәсіпорындар мен объектілер;

5) мемлекеттік және жұмылдыру резервінің мүлкі мен екіұдай мақсаттағы өнімдер шығару жөніндегі жұмылдыру қуаттары;

6) әскери комиссариаттар немесе жергілікті атқару органдары, азаматтық қорғаныс бойынша жұмылдыру тапсырмалары бар әскери бөлімдер мен ұйымдарға тіркеліп берілген мүлік;

7) әскери-техникалық мақсаттарды қамтамасыз етуге байланысты, оның ішінде ғарыштық аппараттарды қамдауды, ұшыруды және алып жүруді қамтамасыз ететін, аталған салаларда және сондай ақ әуе қорғанысы және

ракетаға қарсы қорғаныс, радио-электрондық тұншықтыру салаларындағы тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды жүзеге асыратын мемлекеттік ұйымдар мен объектілер;

8) басқару және бақылау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік ұйымдар;

9) мемлекеттік бюджеттің қаражаты есебінен қаржыландырылатын азаматтық қорғаныс басқармасының баспаналары мен бекеттері;

10) геологиялық, картографиялық-геодезиялық, гидрометеорологиялық мемлекеттік ұйымдар, обсерваториялар, табиғи ортаның жай-күйін бақылау және табиғатты қорғау қызметтері;

11) еңбекпен түзеу колонияларының кәсіпорындары, еңбек-емдеу және емдеу-өндірістік саладағы денсаулық сақтау жүйесінің кәсіпорындары;

12) мемлекеттік патент беру, стандарттау және метрология ұйымдары;

13) мемлекеттік халықаралық маршруттар желісіне қосылған, сондай-ақ қорғаныстық маңызы бар, күре тамырлы темір жолдар, жалпы пайдаланылатын республикалық автомобиль жолдары, олардағы инженерлік құрылыстарды қоса, кеме қатынасы су жолдары, маяктар, кеме жүзуінің қауіпсіздігін реттейтін және қамтамасыз ететін құрылғылар мен су қатынасы белгілері;

14) қатты және сұйық радиоактивті қалдықтарды ұқсататын, жоятын және көметін мемлекеттік ұйымдар, объекттер мен жабдықтар, мал қорымдары;

15) молалар мен крематорийлар;

16) халықты әлеуметтік қорғау объектілері, балалар үйлері, бөбектер үйлері, қарттар үйлері, Ұлы Отан соғысы қатысушыларының, мүгедектерінің және оларға теңестірілген тұлғалардың, балалар мен қарттардың интернаттары, госпитальдар мен санаторийлар;

17) фельдъегерлік байланыс мүлкі;

18) балық қорларын ұдайы өндіруде маңызы бар мемлекеттік ұйымдар (бейімдендіру станциялары, балық өсіргіштер, уылдырық өсіру шаруашылықтары)

19) мемлекетаралық, облысаралық маңызды гидротехникалық құрылыс-жайлары бар су қоймалары мен күре тамырлы каналдардың шлюздері.

ЕСКЕРТУ. 1-тармақтың 17)-тармақшасы өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.01.11. N 47 қаулысымен. P000047_

2. "Жекешелендіру мен қайта құрылымдаудың секторлық бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 14 қаңтардағы N 65 P970065_ қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Мұнайгаз және көлік-коммуникациялар кешендеріндегі, Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі, денсаулық сақтау, ғылым, білім беру, мәдениет және спорт жүйелерінің

кәсіпорындарындағы жекешелендіру мен қайта құрылымдаудың секторлық бағдарламаларында:

"Мұнайгаз кешені" бөлімінің "Мұнайгаз кешені кәсіпорындарын қайта құрылымдауға және жекешелендіруге негізгі ыңғайлар" бөлімшесінде: бірінші абзацтағы "(2-қосымша)" деген сөздер алынып тасталсын; "Көлік-коммуникация кешені (ККК)" бөлімінің "Көлік-коммуникация

кешенін қайта құрылымдауға және жекешелендіруге негізгі ыңғайлар" бөлімшесінде:

27-абзац алынып тасталсын;

"Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі жүйелерінің кәсіпорындары" бөлімінде:

11-абзац алынып тасталсын.

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің қосымшаға сәйкес кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1999 жылғы 19 тамыздағы
N 1198 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. "Ерекше мемлекеттік меншіктегі және 1996-1998 жылдарда жекешелендіруге жатпайтын объектілердің тізбесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 1 қарашадағы N 1336 P961336_ қаулысы (Қазақстан Республикасы ПҮАЖ-ы, 1997 ж., N 44, 426-құжат).

2. "Жекешелендіру мен қайта құрылымдаудың секторлық бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 14 қаңтардағы N 65 P970065_ қаулысының 4-тармағы.

3. "1999 жылға дейінгі кезеңде жекешелендіруге жатпайтын

объектілердің атаулы тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 1997 жылғы 21 тамыздағы N 1273

P971273_

қаулысы (Қазақстан
Республикасы ПҰАЖ-ы, 1997 ж., N 38, 366- құжат).

4. "Орал-Атырау бекіре-балық өсіру зауытын жедел басқару құқығындағы
республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындарын құру туралы" Қазақстан
Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 16 қыркүйектегі N 909

P980909_

қаулысы
5-тармағының 2) тармақшасы (Қазақстан Республикасы ПҰАЖ-ы, 1998 ж., N 33,
295-құжат).

Оқығандар:
Қобдалиева Н.
Омарбекова А.